



мен музыкасы туралы сөз қозғалса, ал «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» бөлімінде Есік қорғанынан табылған Алтын адам, Ұлы Жібек жолы қазақтың атқа міну мәдениеті, аң стилі, ежелгі металлургиясы және т.б. құндылықтарымыз туралы баяндалған.

«Ұлы даланың жеті қыры» ұлттық сананың дамып, ұлттық ерекшеліктерді сақтап қалуға бағыт береді.

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» - ТАРИХ ПЕН БОЛАШАҚТЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ

«Біздің тарихымызда қасіретгі сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көп қырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек.»

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

Кез-келген ұлт үшін табиғи құбылыс - тарихи өткенін, әлемге және адамзат қоғамының дамуына әсерін зерттеу, әлемдік тарихта және өркениетте өз орнын анықтау болып табылады. Ал енді тарихқа көз жүгіртетін болсақ, шеткі жаулармен жан алыса күресіп, ашық агрессиямен айқасып жүріп, өкінішке орай, ғылым мен білімнен алыс, көшпелі өркениеттің өкіліне айналғаны түсінікті. Көшпелі өмір салтын ұстанды. Тарихты толық біліп, тарихи сана-сезімін қалпына келтіру үшін сол бір олқылықтардың орнын толтыратын уақыт әбден жетті.

Әрине, Елбасының бастауымен, қалыптастырған дара жолы, дара тарихымен. Осы жылдар арасында мемлекетіміз қандай жетістікке, неге қол жеткізді?... Айта берсек өте ұзақ. Себебі әрбір жылдың өз тарихы бар.

Соның бірі – Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» жолдауы. Бұл мақала осыдан бір жыл бұрын жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы болып табылады. Мақала «Тарихи сананы жаңғырту» және «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» атты бөлімдерден тұрады. «Тарихи сананы жаңғырту» бөлімінде ұлы даланың ұлы есімдері, ежелгі өнер, тарихтың кино өнері мен телевизиясы және дала фольклоры

Бағдарламалық мақала ұлттың тарихы мен мәдениетін, құндылықтарын жас ұрпақтың санасына сіңіру керектігін анық байқатады. Бұл мақала ұлттық ұстанымға әрі санаға қатысты тың серпін беретін міндеттерді қамтып отыр. Өкінішке қарай, біраз бұрын бойы біз өзіміздің тарихымызды, өткен ғасырларды тек қайғылы жағынан ғана есте сақтап, осындай көзқарасты қалыптастырдық. Мұның тарихи себептері де аз емес. Осы орайда халқымыз апаршылық, саяси қуғын-сүргін, соғыс ауыртпалығы секілді нәубетті кезеңдерді басынан өткерді. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы қазақ халқының өзге халықтардан ерекшелігі мен артықшылықтарын айтарлықтай көрсеткен. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы барша жастардың тарихын тереңінен танып біліп, Отансүйгіштік қасиетінің артуына сөзсіз жоғары идеологиялық тәрбие болмақ. Ұлттық құндылықтарымызды тарих арқылы санамызға жаңғырта бастағанымызға ерекше қуаныштымын. Жастарымыз сонау замандарда Қазақстанның қай түкпірінде болмасын ата-бабаларымыздың тектілігіне тағы да бір көз жеткізетін болды. Елбасы мақаласында жазылған жолдар менің жүрегімді одан сайын нұрландыра бастады. Өйткені тарихымыз бен мәдениетімізді өскелең ұрпақ санасына жеткізу қастерлі міндеттің бірі.

ОТУНШИЕВА Айтолқын,

ТОҚТАБЕК Айжан

М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың

«Стандарттау және сертификаттау»

кафедрасының

магистр, аға оқытушылары.